

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, Астана қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

Z05T8F6, город Астана,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

Қазақстан Республикасының
Парламент Мәжілісінің
депутаттары
Е.Д. Стамбековке,
Г.Ш. Танашеваға,
И.В. Смирноваға

17.05.2024 жылғы ДЗ-216 - на.

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі-Ұлттық Банк) өз құзыреті шегінде азаматтардың алаяқтық операциялардың белгілері бар шоттарын бұғаттау мәселесі бойынша депутаттық сұрауды қарастырып, мынаны хабарлайды.

Қаржы нарығындағы алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мақсатында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттық корпусының қолдауымен 2024 жылғы 21 мамырдағы № 86-VIII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс, цифрландыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) шеңберінде қабылданған Антифрод-орталықты құру жөнінде заңнамалық түзетулер әзірледі.

Заңды іске асыру мақсатында Ұлттық банк қаржы ұйымдары мен мемлекеттік органдар арасында жедел ақпарат алмасу, сондай – ақ алаяқтық операцияларға ден қою үшін Антифрод-орталық инфрақұрылымын іске асырады - оның міндеттері төмендегілер болып табылады:

- алаяқтық транзакцияларды анықтау және оларға жедел ден қою, **оның ішінде олар бойынша қаражатты бұғаттау** (транзакцияны бастамалау мен орындаудың барлық кезеңдерінде тоқтата тұру);

- алаяқтық операциялар бойынша қаржы нарығына қатысушылар арасында нақты уақыт режимінде ақпарат алмасу;

- алаяқтық операциялардың бірыңғай дерекқорын жүргізу, алаяқтық белгілері бар төлем операцияларын талдау және қаржы ұйымдардың құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

Осылайша, алаяқтық операциялардың белгілері бар азаматтардың шоттарын бұғаттау тетігі заң жүзінде қалыптасқан деп санаймыз.

Қазіргі уақытта Ұлттық банктің еншілес ұйымы-«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ базасында 13 банктің және «Қазпошта» АҚ қатысуымен тестілік режимде жұмыс істейтін Антифрод-орталық платформасы әзірленді. Платформаға қосылу сатысында алаяқтыққа байланысты инциденттермен жұмыс істеу және қаржы ұйымдарымен ақпарат алмасу бөлігінде жеке функционал әзірленген ішкі істер органдары тұр. Антифрод-орталықты өнеркәсіптік енгізу Заң қолданысқа енгізілген сәттен бастап (2024 жылғы 22 шілдеде) жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың тиімді тетігін құру мәселесіне басымдық беретінін атап өтеміз, осыған байланысты Антифрод-орталық базасында алаяқтық қызметті жүзеге асыру әдістерін талдау және заңсыз ойын бизнесі мен есірткі айналымын қоса алғанда, құқыққа қарсы операцияларға қарсы күрес жөнінде пәрменді шаралар әзірлеу жөніндегі құзыреттер орталығы құрылатын болады.

Төраға

Т. Сулейменов

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, Астана қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

Z05T8F6, город Астана,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

___ .05.2024г. № 08-2-05/ ___

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Стамбекову Е.Д.,
Танашевой Г.Ш.,
Смирновой И.В.

На ДЗ-216 от 17.05.2024г.

Уважаемые депутаты!

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев в пределах своей компетенции депутатский запрос по вопросу блокировки счетов граждан, по которым имеются признаки мошеннических операций, сообщает следующее.

В целях противодействия мошенничеству на финансовом рынке Национальным Банком при поддержке депутатского корпуса Мажилиса Парламента Республики Казахстан были разработаны законодательные поправки по созданию Антифрод-центра, которые были приняты в рамках Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам связи, цифровизации, улучшения инвестиционного климата и исключения излишней законодательной регламентации» от 21 мая 2024 года № 86-VIII (далее – Закон).

В целях реализации Закона Национальным Банком реализуется инфраструктура для оперативного обмена информацией между финансовыми организациями и государственными органами, а также для реагирования на мошеннические операции – Антифрод-центр, задачами которого являются:

- выявление и оперативное реагирование на мошеннические транзакции, **в т.ч. блокирование средств по ним** (приостановление транзакции на всех этапах её инициирования и исполнения);
- обмен информацией в режиме реального времени между участниками финансового рынка по мошенническим операциям;
- ведение единой базы данных мошеннических операций, аналитика платежных транзакций с признаками мошенничества и организация взаимодействия финансовых организаций с правоохранительными органами.

Таким образом, считаем, что механизм блокировки счетов граждан, по которым имеются признаки мошеннических операций, уже законодательно сформирован.

В настоящее время на базе дочерней организации Национального Банка – АО «Национальная платежная корпорация Национального Банка Республики Казахстан» разработана платформа Антифрод-центра, которая функционирует в тестовом режиме с участием 13 банков и АО «Казпочта». На стадии подключения к платформе находятся органы внутренних дел, для которых в части работы с инцидентами, связанными с мошенничеством, и обмена информацией с финансовыми организациями разработан отдельный функционал. Промышленное внедрение Антифрод-центра планируется с момента введения в действие вышеуказанного Закона (22 июля 2024 года).

Одновременно отмечаем, что Национальный Банк уделяет приоритетное внимание вопросу создания эффективного механизма противодействия мошенничеству, в связи с чем на базе Антифрод-центра будет выстроен Центр компетенций по анализу методов осуществления мошеннической деятельности и выработке действенных мер по борьбе с противоправными операциями, включая незаконный игорный бизнес и оборот наркотиков.

Председатель

Т. Сулейменов

*Исполнитель: Каратаева А.Т.
Телефон: +7 (717) 277 55 77, вн. 13-99*